



**«КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

7 желтоқсан 2021, Нұр-Сұлтан

**СБОРНИК ВЫСТУПЛЕНИЙ УЧАСТНИКОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ – ОСНОВА
НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА»**

7 декабря 2021, Нур-Султан

**DIGEST OF SPEECHES BY PARTICIPANTS OF THE
INTERNATIONAL CONFERENCE «INTERFAITH HARMONY –
THE BASIS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE»**

December 7, 2021, Nur-Sultan



Конфессияаралық
және өркениетаралық диалогты
дамыту жөніндегі Н.Назарбаев
орталығының Басқарма Төрағасы
Болат Сәрсенбаевтың
ашылу салтанатындағы сөзі

Құрметті конференция қатысушылары!

Баршаңызға Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығы қарсаңында ұйымдастырылып жатқан «Конфессияаралық келісім – Қазақстан Тәуелсіздігінің негізі» атты халықаралық конференциясында жүздесу мүмкіндігі үшін шынайы ықыласымды білдіремін!

Уважаемые участники конференции!

Рад приветствовать вас на международной конференции «Межконфессиональное согласие – основа Независимости Казахстана»!

Хочу выразить огромную признательность нашим гостям, что несмотря на плотный график, вы смогли найти время и принять участие в нашем мероприятии.

Сегодня в работе конференции принимают участие представители государственных органов, религиозных объединений, видные государственные и общественные деятели, средства массовой информации.

Уважаемые коллеги!

Сегодня, наша страна стоит на пороге Юбилея Независимости. Что значит 30 лет в масштабах истории? Всего ничего, но Республика Казахстан, за столь непродолжительный период стала динамично развивающимся, узнаваемым и процветающим государством. Аксиома успеха, безусловно, заключается в мудром и дальновидном руководстве страной.

Благодаря взвешенной политике Елбасы Н.Назарбаева, и выверенного стратегического курса Главы государства К. Токаева, мы живем в уникальном государстве, где в гармонии и взаимоуважении живут представители различных конфессий и вероисповеданий.

Сегодня, наши достижения в этой сфере очевидны. Наглядным

примером, служит опыт Казахстана, в проведении высокого духовного форума – Съезда религий.

На протяжении вот уже двух десятилетий, Съезд вносит значительный вклад в укрепление региональной и глобальной стабильности, в продвижение межконфессионального и межрелигиозного диалога в мире.

В свою очередь, наш Центр, созданный по инициативе участников Съезда религий, в знак глубоко признания вклада Первого Президента Н.Назарбаева, выступает главным проводником и ядром в деле продвижения основных постулатов Съезда.

В завершении своей речи, хотел бы еще раз, поздравить всех с 30-летием Независимости Республики Казахстан и пожелать мира, процветания и согласия, а также плодотворной работы в поиске значимых решений!



Серік Егізбаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму вице-министрі

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар!

Бүгінгі «Конфессияаралық келісім – Тәуелсіз Қазақстанның негізі» тақырыбындағы халықаралық конференцияға қош келдіңіздер!

Конференция жұмысына бей-жай танытпай, белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Себебі, қастерлі Тәуелсіздік төңірегінде әрбір пікір біз үшін қашанда құнды, қадірлі.

Уважаемые участники конференции! Рад приветствовать вас на международной конференции, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан.

Қазақстан Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі биыл 30 жыл.

Тағылымға толы осы жылдардың тарих беттерін парақтар болсақ, ел дамуының негізгі саяси ұстанымы – бірлік, татулық.

Осы тұста бүгінгі іс-шараның маңызы зор. Себебі, уақыттың ұлы

көшіне ілесіп, іргелі ел болу жолында ата-бабаларымыз мың өліп, мың тірілсе де өзінің тұтастығын, халық бірлігі мен берекесін көзінің қарашығындай сақтай білген.

Ғасырлар тоғысып, заман алмасқан тұста да қазақ халқы алауыздыққа жол бермей, қай ұлтқа болмасын құшағын айқара ашып, жомарттық танытқан текті халық. Қазақстан бірнеше дін өкілдерінің бейбітсүйгіш болмысын насихаттау арқылы барлығымыздың ортақ аяулы Отанымызға айналып отыр.

Тәуелсіз жылдарда ел тұтастығын, береке бірлігі мен татулығын алғы шепке қойып, ел азаматтарын нәсілге, дінге басқа да ерекшеліктеріне бөлмей, теңдікте өмір сүру ұстанымын нық қалыптастырған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі орасан.

Оған дәлел, Елбасының бастамасымен Елорда төрі әлемнің дін көшбасшыларын бір арнаға тоғыстырған диалог мекеніне айналды. Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің Съезі – Тәуелсіздіктің 30 жылындағы бірегей жетістіктердің бірі десек қателеспейміз.

Сонымен қатар, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірлікке бастар саясатының арқасында Қазақстан бүгінде дінаралық диалогтың әлемдік моделін қалыптастырып үлгерді.



Қуаныш Сұлтанов

саяси қайраткер, с.ғ.д.,
профессор, ҚР Саяси ғылымдар
академиясының академигі

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Ұлтымыздың, бүкіл Қазақстан халқының ұлы мерекесі – біздің мемлекеттік тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен баршаңызды құттықтап, Сіздерге ұзақ өмір, таймас бақыт, мемлекетімізге мәңгілік өркендеу тілеймін.

Мемлекетіміздің жаңа тарихындағы 30 жыл – мазмұны жағынан да, құрылымы, құрылысы жағынан да, өзгерістер мен өркениеттік дамуы жағынан да, ұлтымыздың өсуі, өркендеуі жағынан да теңдесі жоқ жемісті жылдар болды деп айтуға толық құқымыз бар деп ойлаймын.

Бұл мақтан емес. Бұл – ең алдымен тәуелсіздіктің ғана арқасында мүмкін болған жетістіктер. Еркіндік пен бостандықты, жасампаз бейбіт өмірді аңсаған ата-бабалардың орындалған арманы.

Мемлекеттік тәуелсіздікті жария ету – бір шың болса, ел игілігінің ұстанымы, ең қасиетті құндылығы дәрежесінде халық санасының тұрмысының сан-салалы бағыттарының үздіксіз дамуына қол жеткізу – көп шыңдардың биігі болса керек.

Сондай тәуелсіздігіміздің асыл тұғырларының бірі – конфессияаралық, дінаралық келісім екенін, біздің соңғы 30 жылдық жаңа өміріміз дәлелдеді.

Ел тұрмысын жақсартуға бағытталған қандай да реформалар, немесе қиындықтар мен қайшылықтар тек ел ынтымағы мен бірлігі арқылы еңсерілетіні осы жылдары айқын көрінді.

Елбасы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекет басшылығындағы қызметі ел бірлігіне, қоғамдық келісім тұрақтылығына сүйену, негізделу арқылы жүзеге асып келеді.

Конфессияаралық, дінаралық келісім – қоғамдық келісімнің ең үлкен, әрі ықпалды арнасы. Және ол ұғым тікелей адам құқығымен, заңдық кеңістікпен де тікелей байланысты. Бұл маңызды салалардың барлығы да ортақ мүддеге жұмылады. Ортақ мүддеміз – еліміздің тыныштығы, бейбіт өмір жасампаздығы, әр адамның оқу, еңбекке еркін араласып, өз тұрмысын, әлеуетін жақсартып, қоғамда өзіне лайық орынға ие болуы.

Отыз жыл тарих үшін көп уақыт емес. Алайда осы жылдар біз үшін қатаң сынақ жылдары да болды. Саяси, құқықтық өмірімізде де бұрын бізде болмаған жаңалықтар енгізілді.

Алдағы кезеңдер мен сынақтар, болжанбаған қиындықтар өткен жылдардағыдан кем болмайтынына бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында, жұмыс баяндамаларында үнемі назар аударып, нақты ұсыныстар, шаралар қабылдануына екпін берумен келеді.

Ел ынтымағының басты кепілінің бірі – дінаралық келісім, сөз жоқ, алдағы уақытта да белсенді күш болатыны анық.

Таза дінді жанама ағымдардан сақтандырып, бұрмалап, әсіресе жастарды адастыру әрекеттеріне жол бермеуіміз керек.

Қазір біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындай емес, дін саласына, ғибадат орындарына шын мәнінде білімді азаматтар қатары көбейді. Сөз жоқ, оларды жан-жақты қолдау арқылы дін білімі сапасын да жақсартуға міндеттіміз.

Бізде сөз бостандығы Конституциямызбен кепілденген. Тәуелсіздіктің жарқын көрінісі – цензура жоқ. Сонымен бірге сөз, ой, дін еркіндігі – қоғамға жат, енді өздерінің жауапсыздығымен бүлдіретін бейпілдікке жол берілмеуі заңмен көзделген. Алайда ол жағдай үнемі орындала бермейді. Осыны да ескергеніміз жөн.

Діннің ең жоғарғы миссиясы – Сенім. Осы қуатты біздің жас ұрпағымыздың өркениет жолымен өсуіне бағыттау парызымыз. Назарларыңызға рахмет!



Айгүл Құспан

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Халықаралық істер, қорғаныс
және қауіпсіздік комитетінің
Төрайымы

Қайырлы күн, құрметті конференцияға қатысушылар!
Қазақ Елінің қасиетті мерекесі – Тәуелсіздігінің 30-жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған осы іс-шарада баршаңызбен жүздесу мүмкіндігіне ие болғаныма, қуаныштымын!

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында биылғы отызжылдықты «қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес» - деп атап өтті.

Қазақстан өз егемендігінің бірінші күнінен бастап, мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі ретінде жаһандық конфессияаралық диалогты дамытуға күш салды.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың даналық саясатының арқасында бүкіл әлемге танымал «Қазақстандық жол» деп аталатын Қазақстан Республикасында ұлтаралық және дінаралық келісімнің өзіндік бірегей моделі құрылды.

Өмір тағдырының толқынымен Қазақстанда бүгінгі таңда 140-тан аса этностың және 40 түрлі конфессияның өкілдері тұрады. Олардың бейбітшілік пен келісім кеңістігінде өмір сүруі – біздің басты рухани байлығымыз. Ықылым заманнан бері қазақ халқы өзінің жеріне көшіп келген әрбір адамды жан жылулығымен, мейірімді алақанымен қарсы алғаны көпке аян.

Бұл тұрғыда, Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы соған мықты дәлел болып, ол халқымыздың асқақ ойының, тылсым сұлу көңілінің жарқын бейнесі!

Бұл тұрғыда 2003 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы жаһандық диалогты

Міне, осыдан бастап Қазақ Елінің астанасында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алты съезіне Ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және басқа да дәстүрлі діндердің басшылары мен көрнекті өкілдері қатысты. Бұл діни қауымдастықтардың етене жақын араласып, олардың рухани шуақ кеңістігінде жақындасуына септігін тигізді.

Бұл алқалы жиындарда барша әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, соның ішінде адамзатқа шексіз қасірет әкелетін қарулы қақтығыстарға тосқау болатын айқын да жарқын тұғырнама ұсынылды. Бүгінгі адамзаттың даму жолындағы шиеленістегі күрделі мәселелерді шешу жолында діни, саяси және қоғамдық көшбасшыларының бірлесетін қарған ұлағатты істерінің ерекше мәні мен сәні болары, сондықтан.

Бұл тұрғыда, біздің Қазақстанда барлық этникалық топтардың дәстүрлері мен діни ұстам-ерекшеліктері мұқият сақталатыны құбылысты көрініс.

Әрбір адамның өзінің қалаған дінін ұстану немесе ұстанбау құқығын Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы қамтамасыз ететіні бәрімізге белгілі.

Қымбатты әріптестер!

Жақында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын өткізу іс-шаралар аясында Мен «Жаратқан Ие! Қазақстанды жарылқа және оны мәңгі сақта!» атты мақаламды жариялаған болатынымын.

Өздеріңіз білетіндей, биыл Рим Папасы Иоанн Павел II-нің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарына жиырма жыл толды. Міне, осы Қасиетті Жанның астанамыздың аэропортына қонған ұшақтың басқышынан түсіп, қазақ жеріне табанын тигізгенде, иіліп тағзым ете айтқан сөзі: «Жаратқан Ие! Қазақстанды жарылқа және оны мәңгі сақта!» - деп Жаратушыға жалбарына айтқан сөзі болатын.

Бүкіл Қазақстан үшін маңызы ерекше бұл тарихи оқиға жеке өз басым үшін жадымда берік сақталатын, жан жүрегімді толқытатын, тебіренетін оқиғаға айналды. Себебі мен ол кезде, Сыртқы істер министрлігінің бөлім бастығы ретінде, осынау сапарды өткізуге тікелей араласып, оның жемісті же жеңісті өтуіне атсалысқан едім.

Айта кету керек, Қасиетті Рим Папасы бүкіл әлем үшін қиын да күрделі саяси сәтте сапарын өткізді – сапардан он-ақ күн бұрын, яғни 2001 жылдың 11 қыркүйегінде, Нью-Йоркте ең үлкен лаңкестік шабуыл жасалды. Міне, осы кезде Рим Папасы діндар христиандар мен мұсылмандарды зорлық-зомбылыққа қарсы достық пен махаббат өркениетін құруға шақырды. Бұл Үндеу көптеген діндердің мекені болған, олардың өкілдері арасында бейбітшілік пен өзара түсіністік орнаған Қазақ Елінен асқақтай шығып, әлемге шырқай тарауы – адамзат әулетінің сол кездегі ғажап символы болды десем, қателеспеген

болармын.

Құрметті қатысушылар, Болат Серғазыұлы, осындай тұғырлы шараға шақырғаныңыз үшін рахметімді айта отырып, конференция жұмысы жемісті де жеңісті өтсін деп, осында жиналған барша жандарға ерекше жан жылуын көрсеткендеріңіз үшін шексіз рахметімді айтамын! Рахмет.



**Өтпенов Наурызбай
қажы Тағанұлы**

Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ассәламу алейкум! Құрметті қауым! Конференция қонақтары!

Баршаңызды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, әр отбасыға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін.

Тәуелсіздік – Алланың берген сыйы мен нығметі. Егемендігімізді баянды ету – баршамыздың асыл борышымыз деп санаймын. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өзінің уағыз-насихат жұмыстарында жамағатты әр кез ел игілігі үшін қызмет етуге үндеп, тәуелсіздігімізді қадірлеуге шақырып келеді.

Әрбір ата-ана өз ұрпағын тәуелсіздікті қастерлеуге үйретіп, тәлім-тәрбие беруде белсенді болуы тиіс деп есептеймін. Мектеп мұғалімдері де оқушыларды отаншыл болуға баулып, болашақ маман иелеріне ізгілік пен адамгершіліктің негізінде білім бергені абзал.

Біз, баршамыз жастардың санасына «мен елімнің ертеңі үшін қандай үлес қоса алам?» деген ойларды сіңіріп, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін барынша сезіндіре түсуіміз керек.

Бұл тұрғыда 2003 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы жаһандық диалогты ілгерілету мақсатында өткізген бірінші Съезі баршамыздың есімізде болар.

Ардақты ағайын!

Ислам деген сөздің өзі «бейбітшілік» деген ұғымды білдіреді. Мұсылмандар бір-бірімен әр кез амандасқанда «Ассәләму алейкум»

деп сәлем береді. Оның мағынасы «Саған Алланың сәлемі, есендігі мен берекесі болсын» деген ұғымды білдіреді.

Барлық пайғамбарлар қауымды бірлік пен бейбітшілікке шақырған. Кешегі ел басқарған хан-сұлтандарымыз да халықты ынтымаққа ұйыстыра білді. Солардың жолын жалғаған еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та ең әуелі ұлт пен дін өкілдерін ұйымшылдыққа ұйытты. Елордамызда дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлері съезі соның айғағы.

Аллаға шүкір, тәуелсіздігіміздің арқасында мешіт-медреселеріміз көркейіп, Құрбан айт құрметіне демалыс жарияланды. 1991 жылы егемендік алған сәтте елімізде небары 68 мешіт болса, бүгінде құлшылық үйлерінің саны 2600-ге жетті. Егемендігіміздің алғашқы жылында елімізден 74 адам қажылық парызын өтеген болса, қазір жыл сайын ұлы сапарға барушылар саны 4 мыңнан асты. Осының бәрі Алланың қалауымен тәуелсіздігіміз бен бірліктің арқасында жүзеге асып отыр.

Құрметті отандастар!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа жолдаған Жолдауында: «Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсіну қажет. Біз қашан да алауыздыққа қарсы тұра білген елміз. Біздің күш-қуатымыз берекелі бірлікте. Ендеше бірлігімізді бекемдеп ел үшін еңбек етейік» деген еді.

Демек, біз Тәуелсіздік, Отан сынды қастерлі ұғымдардың аясында бірігіп, еліміздің егемендігін баянды ете түсуге барымызды салып, бірлігімізді таныта білуіміз керек. Тәуелсіздік бірлік орнаған мемлекетте ғана нығая түспек.

Сөзімді ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті хадис-шарифімін түйіндеуге рұқсат етіңіздер. Хақ елшісі: «Алланың жәрдемі көпшілікпен бірге»; «Жамағатта (яғни, бірлік пен ынтымақта) мейірім бар» деген өсиет қалдырған. Демек, бізге ең әуелі жүректің бірлігі керек дегім келеді.

Алла Тағала елімізге амандық, жерімізге тыныштық, халқымызға ауызбіршілік нәсіп еткей. Алланың берген сыйы – Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай. Әмин!



Геннадий Каскеленский,
Епископ, викарий Астанайской
епархии, Ректор Алматинской
Православной Духовной
семинарии

В нынешнем году Республика Казахстан отмечает важную историческую дату – 30-летие со дня обретения независимости.

Это знаменательное событие совпадает с юбилеем 150-летия основания Туркестанской епархии Русской Православной Церкви. В 1871 году на территории нынешних независимых государств Центральной Азии была основана самая обширная епархия на всем Евразийском континенте. Ее центром стал град Верный, нынешний Алматы. В мае 1872 года сюда приехал первый архиерей, архиепископ Софония (Сокольский). С этого момента в Казахстане берет свое начало духовная и культурная традиция православного христианства, которая воплотилась в уникальной деревянной храмовой архитектуре, в литературе, искусстве, образовании. Сегодня православные верующие составляют значительную часть населения Республики, осуществляя свою трудовую деятельность в различных сферах хозяйственной и культурной жизни.

В суровые послереволюционные времена гонений на религию со стороны безбожной власти православное духовенство и верующие в Казахстане претерпели великие страдания. Были закрыты все храмы, практически уничтожено духовенство. Бескрайняя степь приняла множество гонимых христиан со всей Советской страны, при этом коренное население Республики проявило самые лучшие человеческие качества, оказывая бескорыстную помощь гонимым, и вписав в историю поистине золотые страницы жертвенности и милосердия.

За тридцать лет независимости Православная Церковь Казахстана проделала большой созидательный путь. В год обретения Казахстаном независимости в стране был открыт 91 храм, в которых трудились 125 священнослужителей. На сегодняшний день в Казахстанском Митрополичьем округе действуют 311 церквей, девять монастырей, духовная семинария, свое служение несут более 500 человек духовенства. Открыты десятки духовно-культурных центров, в сотнях воскресных школ осуществляется духовно-просветительская

деятельность.

Со всей ответственностью нужно сказать, что главной темой проповедей, а также воспитательной и образовательной деятельности Церкви является утверждение в обществе идеалов мира и согласия.

Религия играет огромную роль в жизни современных стран и народов. Крах обществ эпохи модерна сопровождался повсеместным религиозным возрождением. При этом в мире значительно видоизменяется конфессиональная картина. Все большее значение имеет индивидуальный религиозный поиск каждого человека, что приводит к размыванию религиозной идентичности. Верующие разного происхождения становятся носителями смешанных религиозных взглядов. Прямым следствием индивидуализма в религиозной сфере является сомнение в авторитете традиционных религиозных структур, множатся и растут новые религиозные движения, секты, зачастую проповедующие самые экзотические воззрения, а часто – экстремистские взгляды. Православное учение категорически не приемлет любые насильственные действия в целях обращения людей в свою веру. При этом остается важным голос лидеров и представителей традиционных религий, которые призваны на доступном и ясном языке актуализировать вечные духовные идеалы. Православные верующие неизменно поддерживали все начинания Лидера нации, Первого Президента Республики Казахстан, Н.А. Назарбаева, направленные на обеспечение межрелигиозного мира и согласия, важнейшим из которых стал уникальный проект – Съезд лидеров мировых и традиционных религий в столице Республики.

Убежден, что сегодня представители традиционных религий призваны не только повторять на разнообразных форумах известные правильные лозунги, но прилагать все силы в противостоянии глобальным вызовам современности, работая в городах и селах, в учебных заведениях и рабочих коллективах, пресекая попытки пропаганды деструктивных учений. Многое зависит от позиции авторитетных богословов, учителей религии и нравственности. Подлинное межконфессиональное согласие наступит тогда, когда идея о нём будет органически встроена в этико-теологические доктрины различных религиозных направлений. Священноначалие, духовенство и верующие Православной Церкви Казахстана будут и в дальнейшем словом и делом доказывать, что миротворчество является одним из основных направлений сотрудничества с представителями других религий. В этом направлении мы будем продолжать неустанно вести свою деятельность. От всей души желаю участникам конференции успешной и плодотворной работы!



Дархан Қыдырәлі

«Егемен Қазақстан»
республикалық газеті»
АҚ Басқарма Төрағасы,
Халықаралық Түркі
академиясының президенті

Қадірлі қауым!

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылып отырған алқалы жиынға арнайы шақырғандарыңыз үшін Халықаралық Түркі академиясы атынан және жеке өз атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін.

Тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде Қазақстанның маңызды жетістіктерінің бірі – Тұңғыш Президент, Елбасы Нұр-Сұлтан Назарбаев құрған конфессияаралық келісім моделі, сонымен бірге мемлекет пен діннің өзара үйлесімді қарым-қатынасы.

Халықаралық аренада өзін көрсете білген бұл модель Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен сәтті жалғасын тауып келеді.

Сонымен бірге, бұл модель халқымыздың мыңжылдық тарихи тәжірибесі мен ғасырлар бойы қалыптасқан саяси дәстүрлеріне негізделген

Ғасырлар бойы түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының ата-бабалары әртүрлі тілдерде сөйлейтін, түрлі діндерді ұстанатын көптеген халықтардың басып біріктіріп, бірнеше рет континенталды ұлы империялар құрғаны белгілі.

Біздің бабаларымыз құрған Түркі қағанатынан Алтын Ордаға дейінгі Еуразиялық империялардың мызғымас қағидаты – дінге еркіндік беріп, діни қауымдастықтардың ісіне араласпайтын мемлекеттің әділ төрешілігі маңызды рөл атқарды.

Байтақ тарихымызға үңілсек, «түркі гуманизмі» аталатын ерекше құбылысты байқаймыз. Бұл рухани-мәдени құбылыс Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Низами Гәнжауи, Физули, Руми және басқа да тұлғалар арқылы дамып, ислам діні мен ғылымының, сондай-ақ мемлекеттіліктің байырғы түркілік дәстүрлерінің сабақтастығы негізінде пайда болды.

Сондықтан, конфессияаралық келісімнің заманауи қазақстандық моделін жоғарыда аталған қағидаттар мен дәстүрлердің табиғи тарихи жалғасы деп атауға болады.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары көптеген шетелдік сарапшылар елімізде қанды қақтығыстар болады деп болжады. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, біздің мемлекет басшыларының дана да сарабдал саясатының арқасында барлық қиындықтарды еңсеріп, мемлекеттің тұрақты дамуы мен өркендеуіне қарышты қадам басып келеміз.

Егер Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары конфессияаралық қатынастар этносаралық қатынастардың синонимі болса, арадан өткен онжылдықтар ішінде қазақстандық қоғамның діни санасының өсуімен жағдай өзгеріп, зайырлы мемлекеттің діни конфессиялармен қарым-қатынасы өзекті тақырыпқа айналған болар еді. деятельность.

Әрине, мұны мемлекетіміздің тарихи қалыптасқан төрешілік қызметінің анық көрінісі деп айтуға толық негіз бар. Бұл тұрғыда біздің мемлекетіміз негізгі міндеттерін ойдағыдай орындап, сын-қатерлердің алдын ала білді.

Бұл орайда, Қазақстанның геосаяси жағдайын ескере отырып, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты әрқашан негізгі қағидаттардың біртұтас, үйлесімді жүйесіне сүйенгенін атап өткен жөн.

Тиісінше, қазіргі Қазақстан конфессияаралық диалогтың әлемдік деңгейдегі аса маңызды орталықтарының біріне айналды. Мәселен, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылдан бастап Елордамызда тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін айрықша айтып өтуге болады.

Қазіргі таңда осыдан 19 жыл бұрын Елбасы негізін қалаған игі дәстүрді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев табысты жалғастырып келеді.

Барша адамзат үшін өмірлік маңызы бар саладағы көшбасшылық факторының өзі еліміздің халықаралық беделін нығайтуға, сол арқылы оның егемендігін тұғырлы етуге қызмет етері анық.

Түйіндей келе, халқымызға бейбітшілік, рухани кемелдену, сонымен бірге барлық сынақтардан сүрінбей өтуіне шынайы тілектестік білдіремін.

Назарларыңызға рахмет!



Томаш Пэта

Архиепископ
Римско-Католической
Архиепархии
Святой Марии
в г. Нур-Султан

Уважаемые Участники нашего Торжественного Собрания!!

Ежегодно мы торжественно отмечаем День Независимости нашей страны – Республики Казахстан. В этом году радость праздника особенная, так как Независимому Казахстану 30 лет.

Хотим пережить этот Юбилей в духе благодарности Богу и людям. Однажды, первый Президент нашей страны, Елбасы Н. А. Назарбаев сказал, что «независимость Казахстана принимаем как дар Всевышнего».

Слава Тебе Боже за дар свободы, за свободу религии и совести, за чистое небо над «страной великой степи».

Благодарность нашу направляем также в адрес всех жителей Казахстана, Ежедневный труд каждого из нас, все деяния, которые создают добро и мир в наших семьях и коллективах, свидетельствуют о нашем патриотизме и укрепляют независимость Казахстана.

«Малое стадо» католиков Казахстана старается ежедневно жить согласно «свету Евангелия» и вносить свою лепту в благополучие своей земной Родины.

Оглядываясь назад, на прошедшее тридцатилетие, хотел бы вспомнить исторический визит Папы Иоанна Павла II в нашу страну в 2001 году. Папа благословил Казахстан, предсказывал ему благополучие, указывая на задачи стоящие перед Казахстаном в мире. «Казахстан у Тебя есть миссия быть мостом между народами и континентами, между религиями, между Европой и Азией»

После благословенного визита Папы, выросла новая столица (в 2001 году на левобережии еще не было ни одного здания). Столица Казахстана стала местом проведения Съездов Мировых Традиционных Религий.

Хотел бы закончить моё короткое выступление словами надписи, которая находится на монументе, поставленном в честь всех невинных жертв сталинизма, в Национальном Святилище Царицы Мира (Покоя) в с. Озерное в Северо-Казахстанской области:

Богу – слава

Боғу – слава
Людям – мир
Мученикам – Царство Небесное
Народу Казахстана – благодарность
Казахстану – процветание.

Дорогие земляки! С Праздником Независимости! Всех Вам благ.
Пусть Всевышний благословит Казахстан.



Төлеген Мұхамеджанов

Халықаралық
«Мәдениет арқылы бейбітшілік»
Ассоциациясының президенті

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осы конференцияны ұйымдастырушыларға аса қонақжайлық танытқаны және осындай ауқымды аудиторияның алдында сөз сөйлеуге мүмкіндік бергені үшін шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Біздің конференция адамзат баласы өз тарихының ең бір қиын сәттерін бастан кешірген сәтпен тұспа-тұс келіп отыр. Жаһандық табиғи апаттар мен әлеуметтік күйзелістер, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар, адамзаттың өміріне қауіп төндіретін аурулар, әсіресе коронавирустық пандемия, күллі адамзатты алаңдатуда, бұл процестердің терең мәні мен мағынасы туралы ойлануға мәжбүр етуде.

Сыртқы табиғи факторлардың әсерінен басқа, экономикалық дағдарыс, геосаяси және дінаралық қақтығыстар әлемді дүр сілкіндіруде.

Бірақ, егер бәрі соншалықты түнеріңкі болса, онда адамзаттың болашағы жоқ па және жақын болашақта ақырзаманды болжаушылар рас айта ма?

Біз, «Мәдениет арқылы бейбітшілік», «Рухани Келісім Конгресі» және «Дүниежүзілік Рухани Мәдениет Форумы» халықаралық қоғамдық ұйымдарындағы пікірлестермен бірге бұдан шығудың жолы бар екеніне сенімдіміз. Біздің ойымызша ол адам бойындағы адамдықты жандандырудан тұрады. Әлемді құтқару үшін тау төбе қару-жарақ, тіпті

бейбіт мақсатта болса да атом емес, сый мен құрбандыққа қабілетті адам, Рухани Адам қажет.

Бүгінгі таңда халықтар, әртүрлі діндер мен конфессиялар, түрлі әлеуметтік топтар мен ұлттар арасындағы тыныштық пен келісімді сақтау мәселесі жер жүзінің барлық түпкірлерінде өткір көрініс табуда.

Қазақстанда міне, үш онжылдық бойы жалпыұлттық жобаға айналған «Рухани Келісім Күні» табысты іске асырылуда.

1992 жылы 18 қазанда Алматыда 1-ші Дүниежүзілік Рухани Келісім Конгресі өтті. Адамзат тарихында алғаш рет барлық діндердің, рухани қоғамдық ұйымдардың өкілдері, руханият мәселелерін толғандыратын белгілі ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері бір шаңырақ астына жиналды.

Алматыдағы Конгрестің негізгі ұраны: «Ғарыш. Жер. Адамзат». Дәл осы мағынасы терең сөздерде Конгрестің негізгі идеялары өте қысқа, бірақ жан-жақты айтылды, оның жұмыс күндері барлық құрлықтардың әртүрлі адамдары мен діндерді біріктіре алды.

Ең ұмытылмас сәт Конгресс ашылған кездегі Республика сарайындағы жалпы дұға болды, сол кезде бір күмбездің астында үш мың адам Жаратушыға шынайы ақ жүрекпен жалбарынды. Олар жер бетіндегі бейбітшілікті сақтауға, діні мен дүниетанымына қарамастан, барлық адамдарға төзімділік пен даналық беруге, аз қамтылған және жетім балаларға тамақ пен баспана беруге шақырды. Жалпы медитация кезінде болған біздің жігеріміз бен шабытымызды сөзбен жеткізу қиын. Дәл сол кезде 30 жылға жуық уақыт бойы осы үлкен бастаманы, күш-жігерді және біздің қозғалысымыздың бастауында тұрған адамдардың істері мен ұмтылыстарын жалғастыруға мүмкіндік берген керемет аура туындады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Конгресті өткізудегі рөлі баға жетпес. Оның қолдауынсыз бұл Конгрестің өтуі неғайбыл еді. Конгресс өткен уақытты еске түсірудің өзі ғажап. Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет болғанына әлі жыл да толмаған еді. Ол уақыттарда, барлығымыздың алдымызда елдің және әрбір жеке адамның қарапайым физикалық өмір сүру мәселесі тұрған уақытта, ең бастысы – бұл біздің ішіміздегі рухани өзең, қоғамдық және рухани келісім – біздің баға жетпес қазынамыз және лайықты өмірдің маңызды шарты екенін түсіну үшін Тұңғыш Президенттің даналығы мен көрегендігі сөзсіз қажет еді.

Қабылданған Манифесте оның қатысушылары 18 қазанды жанжалдар мен қақтығыстарға мораторий күні, татуласу, адамдар арасында өзара түсіністік орнату күні, мейірімділік және жақыныға жәрдемдесу күні деп жариялауға шақырды.

Біздің бастамамыз бойынша қазақстандық күнтізбеге әлеуметтік маңызы бар күн – Рухани Келісім Күні енгізілді. Оны мемлекеттік органдардың толық қолдауымен ел жұртшылығы кеңінен атап өтеді.

Мұндай ерекше мереке әзірше әлемнің басқа ешбір күнтізбесінде жоқ, бірақ оны біздің пікірлестеріміз басқа елдерде атап өтеді.

Айталық, 2020 жылы Еуразия халықтарының Ассамблеясы сияқты беделді халықаралық ұйым Рухани Келісім Күнін өткізуді мақұлдады және Еуразия елдеріндегі барлық мүшелерін, серіктестері мен достарын осы бастамаға қосылуға, адамдарды біріктіру, рухани дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды өзара құрметтеу идеясын қолдауға шақырды.

11 жыл бұрын біздің жоба Қазақстан жерінде одан әрі дами бастады. 2010 жылдың қазан айында Қазақстанның жаңа елордасы Астанада Дүниежүзілік Рухани Мәдениет Форумы өтті. Онда әлемнің 72 елінен 500-ден астам зияткерлік элита өкілдері бас қосты.

Әлемдік тәжірибеде алғаш рет Форум рухани мәдениеттің қос қанатын біріктіруге арналды: діни және зайырлы руханилық, оған материалдық мәдениеттен тыс адамның іс-әрекетімен байланысты барлық затты жатқызуға болады.

ДРМФ қазіргі технократтық өркениеттің терең дағдарысы және рухани мәдениеттің өркениетіне көшу қажеттілігі туралы айтты. Форум әлемдік қоғамдастықтың назарын жаһандық рух пен мораль дағдарысын еңсеру қажеттігіне аударды. Ол барлығымызды адамдар, адам, Ғарыш және Табиғат, мемлекеттер, әлемдік қауымдастық және халықтар, Адам және Жоғары Әлем арасындағы үйлесімді қатынастарды қалпына келтіру үшін ішкі күштер мен физикалық мүмкіндіктерді жұмылдыруға шақырды. Осылайша Форум өз дамуының жаңа кезеңінде Алматыда «Ғарыш. Жер. Адамзат» ұранымен Рухани Келісімнің Тұңғыш Конгресі эстафетасын қабылдады.

Форум қабылдаған қарарда жаңа уақыт даналыққа, ізгі ниетке, махаббатқа, жанашырлыққа, жетілуге, тазалыққа рухани шынайылықты көрсететін және адам санасын өзгертетін жоғары көріністер ретінде жүгінуді талап етеді делінген. Біздің әлеміміз лайықты негізде қалыптасуы үшін бүкіл адамзаттың санасын ағарту, Рухани Мәдениеттің құндылықтарына сай оны қайта жандандыру қажет.

Бүгінгі таңда өмір этикасына сүйенбейтін экономикалық, әлеуметтік, халықаралық қатынастар сенімсіздік, түсінбеушілік, кейде қарама-қайшылық тудырады, көбінесе ойлаған ойымызға тікелей қарама-қайшы келетін болжанбайтын нәтижелерге әкелуде. Саясаттың негізін құрайтын Рухани Мәдениет қана саясатты тиімді, әділетті және орынды эволюциялық күшке айналдыра алады. Мәдениетсіз саясат жойқын үрдістерге әкеліп соқтыратынын өмір өзі айқын көрсетуде. Сол сияқты, саясатпен нақты ынтымақтастықсыз мәдениет те өзінің шынайы мақсатын толық орындай алмайды.

Дүниежүзілік Рухани Мәдениет Форумының ұлылығы мен маңыздылығын, ол қабылдаған шешімдерді, өкінішке орай, қазіргі

заманғы адамзат толық бағаламайды және сезінбейді. Дегенмен, Форумның нәтижелері шынымен де керемет.

Форумда жаһандық бітімгершілік процесінің сапалы жаңа субъектісі – «Рухани Мәдениет арқылы - Жаңа Әлемге» атты Дүниежүзілік Қозғалысты қалыптастыру бойынша алғашқы қадамдар жасалды. Форум мінберінен жергілікті жерлерде осы қоғамдық қозғалыстың ұлттық және өңірлік бөлімшелерін құру мәселесі айтылды. Форумда барлық жерде, көбінесе мұндай қозғалыстың өскіндері бүр жарып, оның әлеуетті көшбасшылары пайда болатындығы айтылды. Біздің міндетіміз - бұл Қозғалыстың жаһандық мәнге ие болуына, болашақта қазіргі заманның жаңа шешуші эволюциялық күшке айналуына барынша ықпал ету.

Өткен онжылдықта Форум ұжымының тарамағаны, бөлінбегені өте маңызды. Оның ұйытқысы, оның тамыры форум Президиумының айналасына бірігіп, өзіндік Дүниежүзілік Мәдениет интернационалын құрды. Бұл рухты халықаралық ұжым көп нәрсеге қабілетті. Адамзат өркениетінің эволюция кезеңдеріне қандай жолдармен көтерілу керектігін түсіне отыра, ол әлі де болашақ үшін аянбай жұмыс істейтін болады. Форум қатысушыларына адам өмірінің басты шындығын ашқан адамзаттың алаңдаушылығын қабылдаудағы өз жауапкершілігін толық сезіне отырып, олар оны бекіту жолында қажырлы жұмысты жалғастыруда.

Біздің пайымымыз бойынша, «Рухани Келісім Күні» және «Дүниежүзілік Рухани Мәдениет Форумы» жобалары мәдениетаралық өзара түсіністік пен болашақ әлемді қалыптастырудың аса пәрменді және перспективалы құралдары болып табылады!



Майя Бекбаева

Заместитель председателя
Ассамблеи народа Казахстана

Для Казахстана с его многообразием этносов, культур, традиций, языков - национальный вопрос, без всякого преувеличения, носит фундаментальный характер. Любой ответственный политик, общественный деятель должен отдавать себе отчет в том, что одним из

главных условий самого существования нашей страны является гражданское и межнациональное согласие.

Нет ничего важнее мира. Необходимо видеть и осознавать реальность сегодняшнего дня, а она такова, что сегодня мы видим напряжение и обострение конфликтов по всему миру. И все это в результате межэтнических и межконфессиональных проблем.

Национализм и религиозная нетерпимость – это самая настоящая идеологическая база для радикалов любых мастей. Для тех, кто как правило нацелен на разделение общества, подтачивание основ государства. Миллионы беженцев скитаются по миру в результате таких конфликтов. И это уже давно не вопрос только внутренней политики. Это вопрос внешней политики в том числе. Поэтому структуры, направленные на сохранение мира и согласия, а в Казахстане это Ассамблея Народа выполняют большую работу.

Я расскажу об этом подробнее для наших иностранных гостей. Ассамблея народа Казахстана - уникальный общественный институт, Деятельность Ассамблеи направлена на решение следующих задач: содействие сохранению в республике межнационального и межконфессионального согласия, стабильности в обществе, поиск компромиссов для разрешения возникающих в обществе социальных противоречий.

Идея создания института принадлежит первому Президенту, Елбасы, председателю Ассамблеи народа Казахстана Нурсултану Абишевичу Назарбаеву. Именно он в нужное время расставил нужные акценты внутренней политики, тем самым, оградив казахстанцев от возможных потрясений и проблем. За 30 лет Независимости у Казахстана не возникло конфликтов ни на внешнеполитической арене, ни внутри страны.

Более 130 этносов живут на нашей Земле в мире и согласии. В каждом регионе страны есть дома дружбы, в которых ведется своя работа по укреплению мира и согласия. Есть центры возрождения, в которых этносы изучают культуру и традиции, как собственно своего народа, так и других народов, проживающих на территории Казахстана. Также при Ассамблее не так давно появился совет матерей этот совет объединил почти 12 тыс матерей по всей стране. Потому что воспитание начинается с матери.

Если мы хотим вырастить доброе, толерантное, поколение, привить любовь к языку, к родине, то нужно начинать с матерей. В совет матерей входят самые активные, самые лучшие мамы страны, они помогают воспитывать молодое поколение в правильном русле. Ассамблее принадлежит 9 мест в парламенте Казахстана. Этот институт гражданского общества является важным элементом политической системы Казахстана, скрепившим интересы всех этносов, обеспечивающим неукоснительное соблюдение прав и свобод граждан независимо от их национальной принадлежности.

